

«№77 орта мектебі» КММ жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №1

18 наурыз 2024 жыл

Қатысуға тиісті: 13

Қатысқандар: 10

Оның ішінде, 2 кеңес мүшесі дәлелді себептермен қатыспаған.

Кеңес төрағасы:

1. Әуезов Сражадин – Қамқоршылық кеңестің төрағасы;

Кеңес мүшелері:

2. Н.Қазтоғанов – мүшесі, кәсіпкер
3. З. Асауова – мүшесі, ата-ана
4. Е.Медеталиев – мүшесі, «Беларан» а/о статист маманы
5. А. Тұрғанбекова – мүшесі, кәсіпкер
6. Э.Құсанова – мүшесі, ата-ана
7. Мәншүк Ескермесова – мүшесі, ата-ана
8. Б.Кариев – мүшесі, ата-ана
9. Ш.Қармысбаева – мүшесі, ата-ана
10. Т.Басенова – мүшесі, ата-ана

Қосымша шақырылғандар:

Ж.Казтоғанова-мектеп директоры

Б.Әлжанов - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

А. Даулетова - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Күн тәртібінде:

1. Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту, асхана жұмысын бақылау
2. Аз қамтылған отбасылармен жүргізілген жұмыс түрлерімен, оларға көрсетілген қайырымдылық көмек түрлеріне байланысты атқарылған жұмыстар.
3. Мектептің санитарлық жағдайы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы С. Әуезов көтеріліп отырған мәселелерге тоқталып өтті.

С. Әуезов: Қамқоршылық кеңесінің кезекті 2023-2024 оқу жылына арналған бірінші отырысына жиналып отырғанын сөз етіп, келе жатқан Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамымен құтықтап өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі Г. Назарова сөз алып, мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту жағдайы және мектеп асханасының жұмысы туралы айтып өтті. Асхана жағдайы талапқа сай. Оқушыларды бекіткен ас мәзіріне сәйкес жүзеге асырылатын және тамақтың сапасы күнделікті бақыланып отырылатынын атап өтті. Ай сайын бракераж комиссия мүшелері жоспарға сай тексеру өткізіп, отырыс жасап отырды. Бастауыш сыныпта 1-4 сынып оқушылары жалпыға бірдей міндетті қордан арасында 6 оқушы, 5-9 сынып арасында 2 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп бойынша барлығы 8 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Оқушылардың тамақтану кестелері құрылған. Тамақтану барысы күнделікті

қадағаланып отырылады. Асханаға сары жолақ жүргізілген. Антисептикпен қамтылған. Сонымен қатар кезекшілікке мұғалімдер қойылған.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Даулетова сөз алып, аз қамтылған отбасылармен жүргізілген жұмыс түрлерімен, оларға көрсетілген көмек түрлеріне тоқталып өтті. Атап айтсақ, мектеп тазалықшысы, тұрмыс жағдайы төмен Құтмағанбетова Тұрсынай азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Наурыз акциясы қарсаңында тұрмыс жағдайы төмен ауыл ақсақалы Мұстафеев Мұхиядин атаны 9 сынып оқушылары құттықтап, өздерінің құттықтауларын жолдап, сыйлықтарын тапсырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Мектептің санитарлық жағдайына тоқталды. Сыныптардың барлығы антисептикпен қамтылған. Сонымен бірге барлық сыныптарда кварц орнатылған. Әр қоңырау сайын сыныптар желдетіліп, үлкен қоңырауда жуылып отырылады. Мектептің кіре беріс дәлізінде антисептик қойылған. Оқушылар үнемі маскамен келеді. Таңертең оқушылар сабаққа келген кезде температуралары өлшеініп сыныпқа кіргізіледі.

Қаулы:

1. Мектеп оқушыларын тамақтану бойынша бірыңғай ас мәзірі енгізілсін және мектеп асханасының жұмысы үнемі қадағаланып отырылсын.
2. Жоспарға сай және жоспардан тыс қамқорлық, қайырымдылық акциялары үнемі жүргізіліп отырылсын.
3. Мектепте санитарлық жағдайларды үнемі бақылау арақашықтық сақтау, антисептик қолдану, бет-перде кию, дәліздер мен оқу кабинеттерін үнемі залалсыздандыру, сыныптардың тазалығын қатаң қадағалансын.

Кеңес төрағасы: *С. Әу*
Хатшы *Н. Назарова*

С. Әуезов
Г. Назарова

Кеңес мүшелері:

Н. Қазтоғанов Н. Қазтоғанов
З. Асауова З. Асауова
Е. Медеталиев Е. Медеталиев
А. Тұрғанбекова А. Тұрғанбекова
Э. Құсанова Э. Құсанова
М. Ескермесова М. Ескермесова
Б. Кариев Б. Кариев
Ш. Қармысбаева Ш. Қармысбаева
Т. Басенова Т. Басенова

№ 77 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған
қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттамасы № 2

№77 орта мектебі

12 мамыр 2024 жыл

Қатысуға тиісті : 13 кеңес мүшесі

Қатыспағаны – 2

Кеңес төрағасы: Сражадин Әуезов

Қамқоршылық кеңес мүшелері: З.Асауова, Медеталиев Е, Ескермесова М, Қармысбаева
Ш, Кариев Б, Басенова Т, Турганбаева А. Құсанова Э, Бекенова А. Бекниязов А.

Қосымша шақырылғандар:

1. Мектеп директоры: Ж.Казтоганова
2. Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары: Г.Срашева
3. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетова

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жазғы демалысын, қала сыртындағы, мектеп жанындағы лагерьге баруын ұйымдастыру
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен жұмыс.

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Даулетова сөз алды: Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы мектеп лагері жұмыс жасайтын болады. Оған бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өтетін болады. Ондағы басты мақсат – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Мектеп лагерінде сабақ үлгермі төмен оқушылар ойын форматындағы қосымша сабақтардан өтіп білімін шыңдап, түрлі спорттық сайыстарға қатысатын болады.

Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында қала сыртындағы лагерьлерге бару арқылы ұйымдастырылатын болады. 2023-2024 оқу жылында мектебіміздің көп балалы отбасынан шыққан 1 оқушысы қала сыртындағы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне барып демалады. Ол оқушы оқу озаты, мектеп белсендісі Шапиғат Еркеназ. Сонымен қатар әлеуметтік мәртебеге ие 8 оқушы (көпбалалы отбасы, толық емес отбасы, аз қамтылған отбасының) мектеп жанынан құрылған «Жасұлан» тынығу лагерінде демалады деп жоспарлануда.

2.Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары: Г.Срашева:

Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция. Ағымдағы жылдың 21 наурызында «Мекенім – жасыл орманым», «Бұл – менің ағашым», «Парктер шеруі», «Су көздерін ашу, бұлақтарды тазарту», «Таза су айдындары» және «Бірге таза Қазақстан» атты науқандары басталды. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап №77 орта мектебінде «Атадан мал қалғанша, тал қалсын..." деген ұранмен ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы, еріктілер, оқушылар, ауыл тұрғындары белсене ат салысты. Нәтижесінде мектеп ауласына 50 ден аса ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар, мектеп еріктілерімен бірге «Ауылымыз бен ауламызды таза ұстайық, ағайын» атты мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара

барысында мектеп айналасына гүлдер мен ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Қаулы етті:

1. 1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жазғы демалысын, қала сыртындағы, мектеп жанындағы лагерьге баруы тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастырылсын.
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен жұмыс қанағаттанарлық деп танылып, әрі қарай жұмыс жүргізу жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы: 

С. Әуезов

Хатшы:



Г.Назарова

Мүшелері:

А.Бекниязов



З.Асауова



Медеталиев Е




Ескермесова М



Қармысбаева Ш



Кариев Б



Басенова Т



Турганбаева А



Құсанова Э



Бекенова А.

№77 орта мектебі жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №3

№77 орта мектеп

17 қазан 2023 жыл

Қатысуға тиісті:13

Қатыспағаны: 4 (дәлелді себептермен)

Кеңес төрағасы: С.Әуезов

Кеңес мүшелері: З.Асауова, Ескермесова М. Кариев Б, Басенова Т, Турганбаева А. А.Бекенова, Н.Казтоганов, Е. Медеталиев

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары;
2. Пән мұғалімдерінің сағат жүктемелерінің бөлінуі, соған сәйкес мұғалімдердің оқу жоспарлары мен сабақ және қонырау кестелерінің құрылуы. Жаңа оқу жылына мектеп базасының дайындығы туралы;
3. 2023-2024 оқу жылы бойынша аз қамтылған отбасы оқушыларының мектептен бір мезгіл ыстық тамақпен, қаржылай көмекпен, оқулықтармен қамтылуы және «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының өткізілу барысы.

Тыңдалды:

Бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы *С.Әуезов* сөз алды. Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен, жаңа құраммен таныстырып, жұмыс жоспарын талқылап, бекітуге ұсынды. Кеңес мүшелері осы жұмыс жоспарымен келісетіндіктерін айтты. Сонымен қатар қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және қызметі, жалпы ережесі, функциялары мен қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оның сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары туралы сөз сөйледі. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №56 бұйрығымен тағы бір мәрте таныстырып өтті және жаңа оқу жылында осы бұйрық негізінде жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыруға кеңес мүшелерінің дайын екендігін айтты.

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Казтоганова оқу жүйесіндегі өзгерістерге тоқталды. Мектепте арнайы мамандардың жеткілікті екендігін, материалдық базамен қажетті деңгейде қамтамасыз етілгендігін айта отырып, оқушыларға толық орта білім беруге жоғарыда көрсетілген үлгілік оқу жоспарларының тиімді екендігін атап өтті. Мектеп жаңа оқу жылына дайын. Жөндеу жұмыстары толықтай жүргізіліп, аяқталды. Барлық сыныптарда интерактивті тақтамен жабдықталған. Педагогикалық кадрлар жеткілікті. Сабақ уақытының ұзақтығы 45 минут, 7 сабақтан өткізіледі, сабақ 8:00-да басталады, қонырау кестесі құрылған.»

Кеңес төрағасы *С.Әуезов* және кеңес мүшелері, ата-аналар да жаңа жүйенің тиімділігін ескере отырып, мектеп әкімшілігінің ұсынысын бірауыздан қабылдады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Назарова сөз алды:

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасылардың және толық емес отбасылардың балаларына, көп балалы отбасылар балаларына 40567теңгеден (барлығы 8 балаға 324536 теңге көлемінде қаржылай бір реттік көмек берілді.

Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы дәстүрлі түрде мектебімізде де бірнеше жылдан бері өз жалғасын тауып келеді. Елбасының жас жеткіншектердің мектепке толық баруын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында "Мектепке жол" жалпы республикалық акциясы басталды. 30 қыркүйекке дейін жалғасын табатын акцияның мақсаты – тұрмысы төмен отбасы балаларын мектепке қажетті киім-кешек, құрал-жабдықтармен қамтып, сабаққа баруын қамтамасыз ету.

Акция жалпы мектеп мұғалімдері, ата-аналар, жеке кәсіпкерлер тарапынан үлкен қолдауға ие болып, демеушілеріміз өздерінің жанашырлықтары мен жүрек жылуларын аямай келе жатыр.

«Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған оқушылардың толық тізімі жасалып, анықталды. Мектепке жол акциясының нақты жоспары жасалынып, жоспар негізінде тұрмысы төмен отбасылардың балаларын мектеп құралдарымен толық қамтамасыз ету барысында демеушілерге сұраныс хаттар жібереліп, соның негізінде демеушілеріміз аз қамтылған отбасы балаларын қаржылай және оқу киімдері, оқу құралдары, т.б көмек түрлерімен қамтамасыз етті.

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында мектеп бойынша 6 оқушыға көмек көрсетілді. Атап айтсақ: Беларан а/о 30000тг, «Аманат» партиясы 2 сумка оқу құралдарын, Құланды ауылдық клубы әдіскері Қарасаева П. 1 оқушыға спорттық киім, кәсіподақ ұйым 2 сумка оқу құралдарымен қамтамасыз етті.

2023-2024 оқу жылында 8 аз қамтылған отбасы балаларына бір мезгіл ыстық тамақ қарастырылған. Мектеп оқушыларына ыстық тамақты даярлап пісіруші мектеп асханасының аспазшысы – М.Қазыбаева. Ыстық тамаққа қатысты азық-түлікпен қамтамасыз етуші кәсіпкер – З.Өтенов Азық-түлік өнімдерінің барлығының сапасы ветеринариялық-санитариялық талапқа сай, сараптама қорытындылары бар. Ыстық тамақ ішетін әрбір оқушыны сынып жетекшілері қадағалап, тамағын ішкізіп алып қайтады. Ас мәзірі күн сайын әзірленеді және соған сәйкес тағам түрлері пісіріледі. .

Жиналыс соңында «Қамқоршылық кеңес» мүшелері күн тәртібінде қаралған мәселелерді негізге ала отырып қаулы қабылданды.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жыл көлемінде жүзеге асырылысын; жұмыс жоспары барлық мектеп мұғалімдері, қызметкерлеріне толық таныстырылсын;
2. Жаңа оқу жылына мектеп базасының дайындығы «жақсы» деп бағалансын
3. «Қамқоршылық кеңес» қызметіне өз өкілеттілігін қолдана отырып, мектептегі қайырымдылық көмектің жұмсалудын және білім беру саласындағы жаңа бағдарламалардың толыққанды жүйелі жүзеге асырылуын қадағалау жұмысы міндеттелсін.
4. Мектептегі қайырымдылық көмек түрлері жүйелі түрде ұйымдастырылсын, демеушілер тарту жұмыстары жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  С.Әуезов


Кеңес мүшелері:



Асауова З.



Медеталиев Е.



Ескермесова М.




Қармысбаева Ш



Құсанова Ә



Казтоғанов Н



Кариев Б

Хатшы:



Г.Назарова

№ 77 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесінің
отырысы

Хаттамасы № 4

№77 орта мектебі

12 желтоқсан 2023 жыл

Қатысуға тиісті : 13 кеңес мүшесі

Қатыспағаны – 3

Кеңес төрағасы: Сражадин Әуезов

Қамқоршылық кеңес мүшелері: З.Асауова, Медеталиев Е, Ескермесова М, Қармысбаева
Ш, Кариев Б, Басенова Т, Турганбаева А. Құсанова Ә, Бекенова А.

Қосымша шақырылғандар:

1. Мектеп директоры: Ж.Казтоганова
2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Әлжанов
3. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетова

Күн тәртібінде:

1. №77 орта мектебі» КММ директорының жылдық қорытынды есебі.
(Ж.Казтоганова)
2. Әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары
туралы мәлімет және Арал қаласында аудан әкімінің атынан өткізілетін жаңа
жылдық шыршаға оқушыларды ұсыну. (А.Далетова)
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы С.Әуезов сөз алып, қамқоршылық кеңестің мүшелеріне күн
тәртібіндегі мәселелермен таныстыра отырып, кеңес отырысын ашық деп жариялады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Казтоганова
жылдық қорытынды есеп беруге байланысты баяндама жасады. Ең бірінші мектептің
материалдық-техникалық базасының жинақталуы туралы сөз қозғай келе, 2023-2024 оқу
жылында мектепке алынған құрал-жабдықтар тізімімен таныстырып өтті.

Физика кабинеті толық жабдықталды. Зертханалық жұмыс жасайтын барлық приборлар,
1 интерактивті тақта, 1 моноблок, шкаф, парта, орындықтарымен және стендтермен
толық қамтылды.

2. Асханаға 20 орындық, тамақ пісіруге арналған ыдыстар, 30 кружка, 30 тарелка (1,2
тамаққа), қасық, шанышқы алынды. Балаларға су ішуге арналған 1 диспенсор алынды.

2. Дене шынықтыру пәніне қажетті футбол добы-2 дана, кіші футбол добы- 2 дана,
баскетбол добы- 2 дана, волейбол добы- 2 дана, шахмат – 2 дана, обруч- 2 дана, баскетбол
сеткасы- 2 дана, скакалка- 2 дана алынды.

Сонымен қатар асханаға балалар тамақтанатын жерге 1 камера, шағын орталыққа 1
камера орнатылды.

2023-2024 оқу жылында мектептегі оқу-тәрбие жұмысының қорытындысына
тоқтала келе, мектебімізде қазіргі таңда 60 білім алушы білім алып, тәрбиеленуде. Ер
бала саны- 33, қыз бала -27. Мектепте оқу үрдісі 1-ауысымда жүргізіледі. Сабақ ұзақтығы
45 минут, бескүндік жұмыс режимі енгізілген. Денсаулықтарына байланысты үйден
оқитын оқушылар жоқ. 2022-2023 оқу жылы бойынша білім алушыларымыз 75% сапа
көрсеткішін көрсетті. Сапа көрсеткішін көтеру мақсатында түрлі ұсынымдарды
педагогикалық кеңес отырысында талқылай отырып, жұмыс жасау жоспарлары бекітіліп,

нақты шаралар қолға алынды. Нәтижесінде 2023-2024 оқу жылында білім сапасы біршама көтерілді. Биылғы негізгі 9 сыныпты бітіретін 2 оқушы үздік аттестат иегері. Осы аталған екі оқушының алдағы уақытта білім деңгейлерін саралап, сараптап отыруымыз қажет. Тоқсан сайын қамқоршылық кеңес мүшелерімен кездесулер өкізіліп отырылды. Жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, балаларының жетістіктерін, кемшіліктерін тағы басқа мәселелер талқыланып отырылды.

2022-2023 оқу жылында 3 оқушы 9 сыныпты бітірді. Олардың ішінде мемлекеттік білім гранты иегерлерінің үлесіне тоқталатын болсақ, колледждерге түскендер үлесі -100 %,

Мектепте барлығы – 17 мұғалім (1-і бала күтіміндегі демалыста), оның педагог зерттеуші-2, педагог сарапшы-9, педагог модератор-5, санатсыз-1 мұғалім.

Шағын орталықта - 13 бала тәрбиеленуде. 2 тәрбиеші жұмыс жасайды. Оның ішінде 1 жоғары білімді, 1 арнаулы орта білімді.

Жаңа оқу жылында өзін өзі басқару ұйымының сайлауы өтті. Оған мектебіміздің 7-9 сыныптан белсенді оқушылар қатысты. Нәтижесінде 8 сынып оқушысы Жидебай Каусар мектеп Президенті болып, 8 сынып оқушысы Қуандық Мирас Ұланбасы болып сайланды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетова сөз сөйледі:

- әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларының әлеуметтік жағдайымен мектептің әлеуметтік төлқұжатымен таныстырды.

Мектептің әлеуметтік паспорты 2023-2024 оқу жылы

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Жалпы саны	Оның ішінде ыстық тамақпен қамтылғаны
1.	Оқушылардың жалпы саны:	60	8
2.	Оның ішінде ұл бала саны:	33	
3.	Қыз бала саны:	27	
4.	Мектеп алды даярлық тобында оқушылар саны:	0	
5.	Отбасы саны:	33	
6.	Аз қамтылған отбасы балалары:	3	2
7.	Көп балалы отбасы балалары саны:	12	3
8.	Толық емес отбасы бала саны:	8	
9.	Жартылай жетім балалар саны:	3	3
10.	Жалғызбасты аналардың балалары:	5	
11.	Жалғызбасты әкелердің балалары:	0	
12.	Ажырасқан отбасы балалары	5	0
13.	Аз қамтамасыз(ата-анасы жұмыссыз)етілген отбасы балаларының саны:	2	0
14.	Атаулы көмек алатын отбасы саны, оның ішіндегі бала саны	0	0
15.	Қамқоршылық тәрбиеге алынған жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны:	0	0
16.	Өгей әке-шешемен тұратын жалпы балалар саны: Өгей әкемен тұратын балалар саны: Өгей шешемен тұратын балалар саны:	0 0 0	
17.	Мүмкіндігі шектеулі балалар саны: Мектеп партасында отырғаны: Үйден оқитын оқушылар саны	0	

Кестеде келтірілген мәліметтер сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог Г.Назарова бірлесе отырып толыққанды зерттеліп, зерделенген жұмыс көрсеткіші.

көзқарастарын білдіре отырып, « жақсы» деп бағалады, алдағы уақытта « жақсы» деген бағаға лайықты жұмыстар атқарылатынына сенім білдірді.

Шешім етті:

1. №77орта мектебі» КММ директорының мектептің материалдық-техникалық базасының жинақталуы туралы жасаған мәлімдемесі мен мектеп бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларымен жүргізілген жұмыстарды саралай отырып, мектеп бойынша атқарылған жұмыстар қамқоршылық кеңес тарапынан «жақсы» деп бағалансын;
2. Мектептегі 9-13 жас аралығындағы жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек балалар, анасы мүгедек отбасының балалары, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасы балалары арасынан оқу озаттары мен дарынды балаларды саралай келе, қойылған талаптарды ескере отырып, жоғарыдағы аталған оқушының жаңа жылдық шыршаға қатысуына ықпал жасалсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: *С.Әу* С.Әуезов

Кеңес мүшелері:

Жауф Асауова З.
Медеталиев Медеталиев Е.
Ескермесова Ескермесова М.
Қармысбаева Қармысбаева Ш
Құсанова Құсанова Э
Казтоғанов Казтоғанов Н
Кариев Кариев Б
Басенова Басенова Т

Хатшы:

Г.Назарова Г.Назарова